

Ауылдық округті құру туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 12 желтоқсандағы № 534 және Қостанай облысы мәслихатының 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 84 бірлескен қаулысы және шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 желтоқсанда № 10110-10 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына, 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес, аудандық өкілді және атқарушы органдардың пікірін ескере отырып, Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қостанай облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Степное ауылын округ орталығы деп белгілеп, құрамында Жітіқара ауданының Степной және Аққарға ауылдары бар Жітіқара ауданының Степной ауылдық округі құрылсын.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

К. Аксакалов

*Қостанай облыстық мәслихаты төрағасының өкілеттігін уақытша
жүзеге асырушы*

М. Жутаев